



Ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты:Отбасында балаға ата-ананың ықпалы артады, балабақша мен ата – ана арасында байланыс орнайды

к\с	Іс шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Уақыты	Жауапты
1	Қыркүйек айы 1.Ата-аналарды 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру «Кәнекей, танысайық» Ширату ойын 2.Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі (кеңес) 3. «Баланың балабақшаға бейімделуі» (баяндама) 3.Ата-аналар комитетін сайлау	Топтық ата - аналар жиналысы	Қыркүйек айы	Әдіскер: Татимова.О Медбике:Ұ Байрбекова Тәрбиешілер : Г. Терискенбаева Г. Еркінбекова
2	1.«Әсем гүлдер!»	Табиғат бұрышын гүлдермен толықтыру	Қазан айы	Топ тәрбиешілері: Г.Терискенбаева Г. Еркінбекова
3	«Менің сүйікті – кітабым!»	Кітап бұрышын толықтыру	Қараша	Ата-аналар тәрбиешілер
4	«Балабақшада біз не істейміз!» (фотостенд)	Фотостенд	қазан	Ата-аналар тәрбиешілер
5	1.қыркүйек, қазан, қараша айындағы іс-әрекеттердің қорытындысы 2.«Отбасында туған күнді қалай	Топтық ата –ана жиналысы	Желтоқсан	Тәрбиешілер

	тойлайсыз?» сауалнама			
6	Ашық көрсетілім	(семинар практикум)	желтоқсан	әдіскер, топ тәрбиешілері
7	Әкелер конференциясы		қаңтар	Әдіскер, психолог, топ тәрбиешілері
8	«Әже ертегі айтшы!»	әжелер ертегісі	ақпан	Ата-аналар, әдіскер тәрбиешілер
9	Көрікті көктем	Табиғат бұрышындағы көктемгі еңбек	Наурыз	Ата-аналар тәрбиешілер
10	«Балабақша- өз үйім!»	Ашық есік күні	наурыз	Әдіскер, ата –аналар, тәрбиешілер
11	«Дені саудың –жаны . сау!» (Отбасылық сайыс)	Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру	сәуір	Әдіскер, ата –аналар, тәрбиешілер
12	«Табиғат бұрышындағы әсем гүлдер»	Табиғат бұрышындағы гүлдерге қамқорлық	сәуір	Ата –аналар, тәрбиешілер
13	1.Тәрбиешінің қорытынды есебі 2.Жаздық сауықтыру- шынықтыру шаралары 3«Балаңыз мектепке дайын ба?»	Топтық ата-аналар жиналысы Сауалнама	Мамыр	Тәрбиешілер ата-аналар

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Жұлдыз»ересек тобында
2023жылдын 13 қыркүйекте топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №1

Ата –аналар жиналысы

Қатысуы тиіс:25

Қатысканы:20

Күн тәртібінде

- 1.«Қанекей танысайық». Ширату ойын
- 2.Тренинг:
2. Ата –аналарды 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.
3. Балабақша және үйдегі күн тәртібі
4. «Баланың балабақшаға бейімделуі» баяндама
5. Ата-аналар комитетін сайлау және оны жоспарлау

ТЫҢДАЛДЫ

1.Психолог Г. Абдуллаева «Келіңіз танысайық » тақырыбында ширату ойынын ұйымдастырды.Ата-аналар өздерінің кімнің ата -анасы екенін және баласының ең жақсы қасиеттерін айтып өтті

- 1.Ата-аналар сұраққа өз пікірлерін ашық айтып, өз ара ой бөлісті

ТЫҢДАЛДЫ

2.Тәрбиеші Г. Терискенбаева 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыра отырып биылғы оқу бағдарламасындағы өзгерістер жайлы айтып өтті . Әдіскер О. Татимова биылғы оқу бағдарламасындағы өзгерістер жайлы режимдік сәттер арқылы жүзеге асатыны,білім беру салалары алынып,білім беру дағдылары болып өзгергені, қазақ тілі пәні кірістірілгені, оқу қызметі оқу іс –әрекеті болып өзгергені жайлы толық түсіктеме берді.

ТЫҢДАЛДЫ

3.Тәрбиеші Г. Еркінбекова «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты баяндамасында бақшағажанадан келген баланың балабақшаға бейімделуі әр

балала әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процесі бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режимді, жаңа орта, жаңа қарым қатынас сонымен қатар жаңа дағдыларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді. Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайтыны жөнінде айтып өтті.

Шешім етті

Ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын.

ТЫҢДАЛДЫ

4. Тәрбиеші Г. Терискенбаева ата –аналар комитетінің атқаратын қызметі жайлы айта келіп, биылғы жылғы ата- аналар комитетінің құрамын сайлап алуға ұсыныс білдірді.


ЖАРЫС СӨЗ

Ата –ана Бижанова Ж : Ата –аналар комитетінің төрайымына ата-ана Жапенова Айдананы, мүшелеріне Төребай Акерке, Сактаганова Әсел сайлансын деп ұсыныс тастады.

Бұл ұсынысты барлық ата-ана қолдады.

Шешім етті

Ата-аналар комитетінің төрайымына ата-ана , мүшелеріне , сайлансын.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:  А. Жапенова
Хатшы:  М. Абдраманова

БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуі – әр балада әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процессі-бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режімді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдаларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді . Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайды.Бейімделудің ауыр жолымен өткен кейбір балалардың бейімделуі 3-4 айға созылады.Жеңіл бейімделу кезеңі 1-2 күн болды. Ұзаққа созылған бейімделу кезеңі көптеген факторларға байланысты болады баланың денсаулығына, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, үйдегі ата-ана ықпалына т/б себептерге байланысты. Бұл кезде балаға тәрбиеші тарапынан жеке қолдау керек балаға жақсы көңіл күй сыйлап ортаға қосу.Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуін, тамақтануы, ұйықтауы, өзгелермен қарым-қатынасы, сөйлеу әрекеті, ойын ойнаудағы белсенділіктері бойынша балаға жеке карта ашып бейімделу уақытын белгілеп баланың бейімделуі жайында ата-анамен бірігіп бірдей жұмыс жасалды. Баланың балабақшаға бейімделуі әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

Жаңа жағдайда бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкендермен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен.

Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.

Кей тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан)

Балабақшаға бала калғанда алғаш екі сағатқа ғана қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады.Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба?

Қобалжуы қиын ата аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая түседі. Осы кезде ата аналар балаға көмек берулері керек.

Ертеңгілік қоштасуларды жеңілдету тәсілдері:

Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз . Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін табыңыз және соны қатал ұстаныңыз. Балаңыз балабақшаға барғаны үшін алдарқатып ойыншық сатып алмаңыз. Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай көндіру қиын болады.

1,5-2 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі. Үйде балабақша күн тәртібін қатаң сақтаңыз. Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз. Үйдегі жағдайда баланың өз өзіне қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, сүрту, шешіну, өз бетінше тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде ыңғайлы болуы шарт.

Баланың «Социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп тіл табысатын болады.

Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбінесе ата-ана тарапынан болуы керек, оның өзіне керек екендігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді.

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Жұлдыз»ересек тобында
2023жылдың 21 желтоқсанда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №2

Ата –аналар жиналысы

Қатысуы тиіс:25

Қатысканы:20

Күн тәртібінде

- 1.Қыркүйек, қазан, қараша айларында атқарылған іс- әрекеттердің есебі
- 2.«Отбасында мерекені қалай тойлайсыз? » сауалнама
3. «Қызылша» баяндама Байрбекова Ұ

ТЫҢДАЛДЫ

1.Тәрбиеші Г. Терискенбаева қыркүйек, қазан, қараша айларындағы атқарылған жұмыстардың есебі жайлы мәлімдеме жасады.

Балалардың жас ерекшелігіне орай оқу іс-әрекеттері ойын түрінде ұйымдастырылып жатқаны, балалардың суреттер бойынша өз бетімен әңгіме құрастыруға өзіне таныс шағын ертегілерді мазмұндап айтуға, сұрақтарды сипатына сәйкес лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге еркіндік берілгенін атап өтті. Осы уақыт аралығында күз мерекесіне орай «Күз ханзадасымен ханшайымы»атты байқау тәуелсіздік мерекесіне орай «Менің Отаным-Қазақстан» атты мерекелік ертеңгілік өткізілгені жайлы айтып өтті. Балалардың физикалық қасиеттерін арттыру, спорттық ойындарға қызығушылығын арттыру мақсатында , «Денсаулық -зор байлық»атты спорттық сайыс»,«Дені саудың –жаны сау» атты отбасылық сайыс,спорттық ойындар ұйымдастырылып балалардың дене қимыл үйлесімділігін арттыру көзделді. Ата-аналармен бірлесе отырып, топ бөлмесіндегі табиғат бұрышы, кітап бұрышы толықтырылғаны, дамытушы ойындарға арналған көрме ұйымдастырылғаны жөнінде айтып өтті. Алда « Жаңа жыл келді!» атты жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылатын ертеңгілікке ,«Қардан жасалған қысқы құрастырмалар» атты көрмеге атсалысуларын өтінді және «Әже ертегі айтып берші!»атты әжелер мектебіне атсалысулары керек екені айтылды

Шешім етті

Балаларды тәрбиелеуде ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын

ТЫҢДАЛДЫ


2.Ата-аналарға «Отбасында мерекені қалай тойлайсыз?» атты сауалнама беріліп, ата -аналар өз ойларымен бөлісті

ТЫҢДАЛДЫ

3.Мейірбике Байрбекова қазіргі жүріп жатқан жұқпалы аурудың алдын алу мақсатындағы «Қызылша» атты баяндамасын тыңдалып,жұқпалы аурудың таралу жолдарын түсіндірілді.Аурудың негізгі белгілері қызу көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті болмауы оның тез жұғатынын айтып өтті.

Шешім етті

Балабақшада кварцты күнделікті пайдалану, бөлмелерді үнемі желдетіп тұру жалғасын тапсын.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:  А.Жапенова
Хатшы:  М.Абдраманова

Қызылша

Қызылша- жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері: науқастың қызуы көтеріліп, теріде қызылшаға тән бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады.

Этиологиясы. Қызылшаны тудырушы вирус көлемі 120-250 нм (polinosa morbillarum). Вирус қыздырғанда, күн сәулесінен, залалсыздандыратын химиялық қоспалардан өліп қалады.

Эпидемиологиясы. Ауру тек науқас адамнан жұғады. Оның жасырын кезеңінің екінші күнінен денедегі бөртпелер 4 күн аралығында қатынаста болған адамдарға тыныс алу арқылы ауадан жұғады. Адам ешқашан қызылшамен ауырмаған болса, не егілмеген жағдайда жұқтырады.

Қызылшаның белгілері, өрбуі. Жасырын кезеңі 9-11 күн. Алғашқы белгілері: науқастың қызуы көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызарып қабынады. Одан жұмсақ және катқыл таңдайда теңбіл бөртпелер пайда болады. Екі ұрттың үстінде қызылғаша тән майда ақшыл бөртпелер кілегей қабығының үстінде ерекшеленіп тұрады, мұндай белгіні Бельский- Филатов- Коплик бөртпелері дейді. Сыртқы түріне қарағанда бұл бөртпелер «ұнтақ жарма» түйіршігіне ұқсайды. Теріде қызылшаның бөртпелері пайда болғанда Бельский – Филатов- Коплик бөртпелері кетіп қалады. Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі: бірінші күні бөртпе бетке, мойынға, екінші күні денеге, қол, сан терілеріне, үшінші күні балтыр, аяқтарға шығады, ол күні беттегі бөртпелер бозарады. Бөртпелер көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді., дегенмен әрбір бөртпе арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа қабыршақтар қалады. Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, ірің шығып, таңертең кірпіктерді ашудың қиындығы, мойын артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсыну тән. Кейде өкпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін.

Қызылша асқынғанда ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады.

Нақтамалау: аурудың өрбуі кезінде қызылшаны анықтау қиындық туғызбайды. Теріде қызылша бөртпелер шықпай тұрғанда науқастың қызылшамен ауырған ортада болуы, тамағындағы қабыну, көздің қызаруы, ұртта Бельский-Филатов- Коплик ақшыл бөртпелердің нақтама толық дәлелдейді. Басқа ұқсас аурулардан ажырату үшін зертханада комплементті

байланыстыру реакциясы, геммаглютинацияны тежеу реакциясы талдауларын жасайды.

Аурудың алдын алу шаралары; үй жайларын жиі желдету және ылғал шүберекпен сүрту, науқастарды ерте, дер кезінде анықтау (балалар, жүкті әйелдер) және егу жұмыстарын жүргізу.

Қызылшаның алдын алу үшін уактылы егу жұмыстарын жүргізу, үйде қызылшамен ауырған науқас болған жағдайда, онымен қарым-қатынасты шектеу қажет.

Қызылша жұкпасының адам ағзасына келтіретін зардабы орасан, сондықтан оның белгілерін көпшіліктің жақсы білу маңызды.

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Жұлдыз»ересек тобында
2024жылдың 24 мамырда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №3

Ата –аналар жиналысы

Қатысуы тиіс:25

Қатысқаны:20

Күн тәртібінде

- 1.Тәрбиешінің қорытынды есебі
- 2.Жаздық сауықтыру- шынықтыру шаралары
- 3.«Балаңыз мектепке дайын ба?»

ТЫҢДАЛДЫ

1.Тәрбиеші Г. Терискенбаева жыл бойында жасалынған жұмыстар жайлы қорытындылап айтып өтті.Жыл бойында оқу іс- әркеттері ойын түрінде өтілгенің , балалардың білімін дамытуда, тілдік қарым –қатынасты дамытуға,ақыл –ойын дамытуда логопед, психолог мамандарының, саз жетекшісінің қосқан үлесі зор екенін айтып өтті

Шешім етті

Балаларды тәрбиелеуде ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын

ТЫҢДАЛДЫ

2. Тәрбиеші Г. Еркінбекова жаздық сауықтыру шаралары ойын сауық түрінде таза ауада өткізілетіні жөнінде айтып өтті

Шешім етті

Жазық сауықтыру шаралары өз дәрежесінде жүргізу жалғасын тапсын.

3.Ата- аналарға «Балаңыз мектепке баруға дайын ба?» атты сауалнама беріліп, ата -аналар өз ойларымен бөлісті

Шешім етті

Ата -анамен бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:  А.Жапенова
Хатшы:  М.Абдраманова